

**Психологиялық қызметтің
2024-2025 оқу
жылындағы есебі**

2024-2025 оку жылында Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебінде мұғалімдер саны - 32, окушылар саны - 220

Психологиялық қызметтің мақсаты: білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беруді үйымдастыруды қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) ата-аналарының қалауымен және рұқсатымен ғана білім алушыларды психологиялық бақылауды және сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- 2) білім беру үйымдарындағы білім алушылардың дамуының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу;
- 3) негізгі проблемаларды талдау және олардың туындау себептерін, оларды шешу жолдары мен құралдарын анықтау;
- 4) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына, табысты әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамыту және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 5) білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік қындықтары мен проблемаларының алдын алу;
- 6) әлеуметтік-психологиялық климатты үйлестіру, қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша педагогикалық ұжымның қызметіне жәрдемдесу, білім алушылардың психологиялық мәселелерін шешуде және оқу-тәрбие жұмысының онтайлы әдістерін тандауда ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру;
- 7) білім берудегі үйымдар басқарма органдары немесе жекелеген білім беру үйымдарының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын білім беру үйымдары мамандарының кәсіптік қызметіне, білім беру бағдарламалары мен жобаларына, оқу-әдістемелік кешендерге кешенді психологиялықпедагогикалық сараптамаға қатысу;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру

Психологиялық қызмет жұмысының негізіг бағыттары және мазмұны
Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, агартушылық-профилактикалық, түзету-дамыту және үйымдастыру-әдістемелік бағытта жүзеге асырылады.

Жалпы жылдық жоспар 5 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

I. Психологиялық диагностика жұмысы

Мектепалды даярлық тобымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Даярлық тобында 17 бала бар. Психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік жағынан дайындығы зерттелді.

Даярлық тобы оқушыларынан қоршаган органды және кеңістікті қабылдау диагностикасы жүргізілді. Қатысқаны-17

№	Денгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	5	29 %
2	Орта	9	53%
3	Төмен	3	18%

1-сынып оқушыларынан Керн-Йерасек әдістемесі алынды. Баланың мектепке бейімделу барысы зерттелді. Оқушылардың танымдық қабілеті, ой-қиялышы, мектепке деген көзқарасын, білімге деген талпынысын зерттеу барысы зерттелді. 23 оқушы қатысты.

№	Денгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	5	22%
2	Орта	13	56 %
3	Төмен	5	22 %
4	Барлығы	23	100%

5-сынып оқушыларынан Н.Г.Лусканова сауалнамасы алынды. Қатысқан оқушылар саны – 18

Жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар саны – 7

Орта көрсеткіш көрсеткен оқушылар саны – 9

Төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар саны – 2

Қорытынды: Оқушыларға оқуға қызығушылығын анықтау жөніндегі 10 сұрақтан тұратын Н.Г.Лусканова сауалнамасы берілді. Сауалнаманың әр сұрағы әр түрлі мағынада мектепке, оқуға, үзіліске, үй тапсырмасына, сынып жетекшігে, сыйынпастасқа, досқа, ата-анаға байланысты сұрақтар болатын. Әрбір оқушы сұраққа өз ойын толық, анық, жетік жеткізген. Бұл сыйынтың оқуға құлшынысы, қызығушылығы орта деңгейді көрсетті. Оқушылардың зейіні, ойлау танымдылық қабілеті жақсы дамыған, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты және жеке орынданай алады. Бұл сыйынтың оқуға қызығушылығы орта деңгейді көрсетті.

Даярлық топ және 1-сынып оқушыларымен даму динамикасы мониторингінің қорытындысы бойынша жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

8-11 сынып оқушыларына "Аутодеструктивті мінез-құлық" атты баяндамасы оқылды.

5-11 сыныптың ұл балаларына арналып жасалған жиналыста "Лудомания-қоғам дерті" тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, "Нашақорлық" тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Консультациялық бағыт бойынша даярлық топ, 1,5- сынып оқушыларының бейімделуі, мотивацияларын көтеру жолдары бойынша сынып жетекшілері мен ата-аналарына кеңес берілді.





Мектен директоры

Мектеп начходы



Қ.Қаратаев

Н.Амирханова